



БҮЙРЫҚ

Астана шаары, Тәуелсіздік даңытыны, 1
17.08.08 № 590

ПРИКАЗ

город Астана, проспект Тәуелсіздік, 1

Ішкі істер органдарындағы есепке алу-тіркеу тәртібін нығайту жөніндегі шаралар туралы

Ішкі істер органдарындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздарды, хабарламаларды және өзге де ақпараттарды қабылдау, тіркеу және қарау тәртібін сақтауға толық және жан-жақты бақылауды жүзеге асыру мақсатында, «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасы Занының 9-бабы 10-тармақшасын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасы Ишкі істер министрлігінің (бұдан әрі – ПМ) Есепке алу-тіркеу тәртібін бақылау жөніндегі орталық комиссиясы туралы ереже осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;

2) ПМ-нің Есепке алу-тіркеу тәртібін бақылау жөніндегі орталық комиссиясының лауазымды құрамы осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес;

3) Ишкі істер департаменттерінің (бұдан әрі – ПД) бөліністеріндегі және қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдарындағы есепке алу-тіркеу тәртібінің жай-күйін тексеру жөніндегі тапсырма-жоспар ПМ-нің тексерушілерімен шығу кезінде осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес және қызметтік іссапарларға шығу кезінде осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес;

4) Астана, Алматы қалаларының, облыстардың және Көліктегі ішкі істер департаменттерінің Есепке алу-тіркеу тәртібін бақылау жөніндегі комиссиясы туралы үлгі ереже осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес;

5) қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдарының, ПМ Байқоңыр қаласындағы өкілдігінің есепке алу-тіркеу тәртібін бақылау жөніндегі комиссиясы туралы үлгі ереже осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. ПМ-нің Қылмыстық-атқару жүйесі, Төтенше жағдайлар, Әкімшілік полиция, Көші-қон қызметі комитеттерінің, Штаб-департаментінің, Тергеу департаментінің, Өзіндік қауіпсіздік департаментінің, Криминалдық полиция департаментінің, Есірткі бизнесіне қарсы күрес және есірткі айналымын бақылау департаментінің, Жедел жоспарлау департаментінің бастықтары:

1) сеніп тапсырылған бөлініс қызметкерлерін жедел-қызметтік жұмысты тексеру бойынша қызметтік іссапарларға жіберу кезінде, сондай-ақ әдістемелік және практикалық көмек көрсету кезінде жоспар-тапсырмаға олардың тексерілетін бөліністегі есепке алу-тіркеу тәртібінің жай-күйіне тексеріс жүргізулерін міндетті түрде енгізсін;

2) іссапардан қайтып келгеннен кейін қызметкерлерді 3 күннен кешіктірмей есепке алу-тіркеу тәртібін бақылау бөлінісіне есепке алу-тіркеу тәртібін тексеру туралы анықтама ұсынуға міндеттесін;

3) қылмыстарды жасырудың әрбір фактісі бойынша кінәлі лауазымды адамдарды жауапкершілікке тарта отырып, қызметтік тергеу жүргізсін.

3. Астана, Алматы қалаларының, облыстардың, Қоліктегі ішкі істер департаменттерінің, қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдарының, ПМ Байқоныр қаласындағы өкілдігінің бастықтары осы бұйрық күшіне енген күннен бастап 15 күн мерзімде есепке алу-тіркеу тәртібін бақылау жөніндегі комиссиялар туралы өз ережелерін Үлгі ережелерге сәйкес келтіру бойынша шаралар қабылдасын.

4. Мыналар:

1) ішкі істер органдарында есепке алу-тіркеу тәртібін бақылауды қамтамасыз ету жөніндегі қызмет туралы есептілікті жасау жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес;

2) Астана, Алматы қалаларының, облыстардың және Қоліктегі ішкі істер департаменттерінің, ПМ-нің Байқоныр қаласындағы өкілдігінің, Тергеу департаменті Әскери-тергеу басқармасының, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ұлттық ұланының есепке алу-тіркеу тәртібіне бақылауды қамтамасыз ету жөніндегі қызмет туралы есептілігі осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес;

3) ПМ Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің есепке алу-тіркеу тәртібін бақылауды қамтамасыз ету жөніндегі қызмет туралы есептілігі осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес;

4) ПМ Төтенше жағдайлар комитетінің есепке алу-тіркеу тәртібін бақылауды қамтамасыз ету жөніндегі қызмет туралы есептілігі осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

5. ПМ-нің Ұлттық ұлан Бас қолбасшысы, Әкімшілік полиция, Қылмыстық-атқару жүйесі, Төтенше жағдайлар комитеттерінің төрағалары, Тергеу департаментінің бастығы, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың және Қоліктегі ішкі істер департаменттерінің бастықтары ай сайын есеп беру кезеңінен кейінгі айдың 6-сы күніне Ішкі істер министрлігінің Штаб-департаментіне есеп ұсынуды қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарының күші осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес жойылсын.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары полиция генерал-лейтенанты М.Ф. Демеуовке, ПМ-нің Штаб-департаментіне (С.Қ. Сүйінбаев), Астана,

Алматы қалаларының, облыстардың және Көліктегі ішкі істер департаменттерінің және ПМ-нің Байқоңыр қаласындағы өкілдігінің бастықтарына жүктелсін.

8. Бұйрық Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының барлық жеке құрамының назарына жеткізілсін.

9. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қүшіне енеді.

**Министр
полиция генерал-полковнигі**



Қ. Қасымов